

Құмкент ауылы

2023 жыл

ХАТТАМА №1

25 қыркүйек 2023 жылы «Балдырған» бөбекжай-бақшасында жас мамандар отырысы болып өтті.

Қатысуға тиіс: 11

Қатысқаны: 9

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. Жас мамандарды ішкі еңбек тәртібімен таныстыру.
2. Тәлімгерлер мен жас мамандар арасындағы жұмыс жоспарын бекіту, таныстыру жайында
3. «Жас келсе, іске» тренинг
4. «Балабақшадағы жас мамандарға көмек» атты кеңес. Тақырыбы: «Үштік одақ арасындағы қарым-қатынас».

ТЫҢДАЛДЫ

1. Әдіскер О.Татимова:

2023-2024 оқу жылында кіші топ тәрбиешісі Нұсқабаева Меруерт жас маман ретінде жұмыс тәжірибесін жүргізуді бастады. Педагог ішкі еңбек тәртібінің ережесімен таныстырылды. Ішкі еңбек тәртібінің ішіне жұмысқа келу-кету уақытын сақтау, педагогикалық әдептілік нормасын сақтау, ата-анамен қарым-қатынас этикасын сақтау, балалармен қарым-қатынас құра білу сияқты ережелердің кіретіндігі түсіндірілді. Биыл екінші жыл жас маман ретінде жұмыс жүргізіп жатқан тәрбиеші Пернебек Жазира Бактиярқызы мен тәлімгері Әділбекова Роза Өтегенқызынан да осы оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бойынша жұмыстардың өз дәрежесінде ұйымдастыруы керек екендігін де тілге тиек етті.

2. Әдіскер О.Татимова:

Жас маман Нұсқабаева Меруерт Тазабекқызын тәлімгер болып тәрбиеші Бижанова Жадыра Бейбітқызы бекітілді. Жас маман мен тәлімгер арасындағы жылдық жұмыс жоспарының құрылуы керектігі және оны іске жұмыс барысында асыру керектігі айтылды. Сондай-ақ, құрылған жоспар бойынша тәлімгер әрбір ұйымдастырылған іс-әрекетіне еніп, бағыт-бағдар беру мен алдағы уақытта кеткен кемшіліктерді жөндеу мақсатында іскерлік ойындар ұйымдастыру керектігі тапсырылды.

3. Әдіскер О.Татимова:

«Жас келсе, іске» деген тақырыппен жас маманнан биылғы оқу жылының әдістемелік нұсқаулық хатын басшылыққа ала отырып, оның құрылымдары бірнеше ауызша сауалнамалар жауаптарымен таныстырды. Ал, жас маман Пернебек Жазира Бактиярқызынан биылғы оқу жылының әдістемелік нұсқаулық хатын басшылыққа ала отырып, оның құрылымдары бірнеше ауызша бірнеше сауалнамалар алынды. Ал Нұсқабаева Меруерт Тазабекқызынан алдағы уақыттарда осы сауалнамалар бойынша жұмыстардың жүргізілетіндігін тілге тиек етті. Түсіндіру жұмыстарының жүргізіліп отыруы қажет екендігін айтты.

4. Тәлімгер Ж.Бижанова:

«Балабақшадағы жас мамандарға көмек» атты тақырыппен барлық топ тәрбиешілері ашық көрсетілімдер ұйымдастырып, тәжірибе алмасса нұр үстіне нұр болар еді деген өзінің ұсынысын білдірді.

Бұл ұсынысқа барлық педагог мамандар бір ауыздан келісетіндіктерін білдірді.

Биылғы оқу жылында Жас маманның бастапқы ашық көрсетілім көрсететіндігін, ол үшін педагогтің әдіс алмасып, өз әріптестерінің ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне енуде екендігін айтып өтті.

Тәрбиеші Г.Терискенбаева:

Тәрбиеші Г.Еркінбекова:

Тәрбиеші Р.Әділбекова:

Психолог Г.Абдуллаева:

Жұмыс барысында баланың жас ерекшелігіне қарай ойын топтамаларын таңдай білу керек. Себебі, ол баланың жасына сай дамуы, ойлау қабілетінің артуы, зейінінің тұрақтануы үшін өте маңызды дегім келеді.

1. Балабақшаның ішкі еңбек тәртібін сақтап жұмыс атқару басшылыққа алынсын.
2. Тәлімгер мен жас маман арасындағы жылдық жұмыс жоспары жасалып, бекітілсін. Жас маманның жұмысын бақылап, әдістемелік көмек көрсету, тәлімгерлер Ж.Бижанова, Р.Әділбекова мен әдіскер О.Татимоваға тапсырылсын. Нормативтік құжаттарды басшылыққа алып жұмыс атқару үшін жас маманмен түсіндірме жұмыстарын жүргізу жалғастырылсын.
3. Жас мамандармен жүргізілген сауалнамалар бойынша анализ жасап, қорытынды шығару тәлімгерлерге тапсырылсын.
4. Үштік одақпен жұмыс жүргізуді жандандыру мақсатында жас маманға тәжірибе жинақтауда барлық топ тәрбиешілерінен көмек көрсетілсін.



Менгеруші

Т.Бимырзаева

Әдіскер

О.Татинова

«Созақ ауданының білім бөлімінің «Балдырған бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

Құмкент ауылы

2023 жыл

ХАТТАМА №2

29 қараша 2023 жылы «Балдырған» бөбекжай-бақшасында жас мамандар отырысы болып өтті.

Қатысуға тиіс: 11

Қатысқаны: 11

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

- 1.Әдістемелік көмек. Тақырыбы: «Нормативтік құжаттар»
- 2.«Тәрбиешінің жаңашылдық қызметі жайлы түсінік»

ТЫҢДАЛДЫ

1.Әдіскер О.Татимова

Жас маманмен биылғы 2023-2024 оқу жылының әдістемелік нұсқаулық хатында көрсетілгендей нормативтік құжаттармен толық таныстырылды. Сондай-ақ, жалпыға міндетті білім беру стандарты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, оқу жылының әдістемелік нұсқаулық хаты әлеуметтік желісінен көрсетілген сайттан алынып, берілді. Алдағы уақытта осы нормативтік құжаттарды басшылыққа алып жұмыс жүргізу керектігі айтылды.

Тәлімгер Ж.Бижанова:

Қазіргі таңда жоспарға сәйкес, үлгілік оқу бағдарламасындағы кіші топтың физикалық қасиеттерді меңгеру, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту, шығармашылық дағдыларын дамыту және әлеуметтік дағдыларын дамыту бойынша әр бөлімдер жеке-жеке түсіндірілді. Өзімнің жылдық перспективам, ұйымдастырылған іс-әрекеттерімнің режимдік сәттің уақыттары бойынша, апталық циклограмманы көрсетіп, тәжірибе алмастым. Әрбір құжаттың жазылу ережесімен таныстырдым. Балабақшаның істер номенклатурасы бойынша тәрбиеші құжаттарын жинақталу жолдары түсіндірілді.

2.Әдіскер О.Татимова:

Жас маманмен биылғы оқу жылының алғашқы ашық көрсетілімдеріне кіріп, өз тәжірибесін толықтыруға, өзінің шығармашылық ізденісін арттыруға деген құлшыныс пен серпін беретін ересек, ортаңғы, кіші топтарда балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес ашық көрсетілімдер, ашық есік күндеріне ене алатындай мүмкіндік беретін жұмыстар жүргізіліп келеді. Биылғы оқу жылына үш тоқсанға семинар-практикум жоспарланды. Осы ашық көрсетілімде көптеген тәжірибе жинақтап, өзінің қоржынына салатын әдіс-тәсілдер жинақтау үшін жас маманға өте таптырмас мүмкіндік. Осы мүмкіндікті өз пайдасына жаратады деген үміттемін. Барлықтарыңызға осы жолда шығармашылық табыс пен ізденістер тілеймін.

ШЕШІМ ЕТТІ

1. Нормативтік құжаттарды басшылыққа алып жұмыс атқару үшін жас маманмен түсіндірме жұмыстарын жүргізу тәлімгер Бижанова Жадыра жұмысын жалғастырсын.
2. Топ тәрбиешілер мен жас маман арасындағы тәжірибелік және педагогикалық процестің байланысы жандандырылсын.



Менгерушү

Өдіскер

Т.Бимырзаева Т.Бимырзаева

О.Татимова О.Татимова

«Созақ ауданының білім бөлімінің «Балдырған бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

Құмкент ауылы

2024 жыл

ХАТТАМА №3

29 қаңтар 2024 жылы «Балдырған» бөбекжай-бақшасында жас мамандар отырысы болып өтті.

Қатысуға тиіс: 11

Қатысқаны: 11

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

- 1.Іскерлік ойын: Ұйымдастырылған іс-әрекетке рефлексия.Психолог Г.Абдуллаева
- 2.Жас маманмен сауалнама жүргізу. Тәлімгер Ж.Бижанова

ТЫҢДАЛДЫ

1. Психолог Г.Абдуллаева:

Күнделікті жұмыс барысында, оның ішінде ұйымдастырылған іс-әрекетте рефлексия, яғни өткенді еске түсіріп, оның жадыда сақталуына ықпалын тигізетін ойын ұйымдастырылды. Рефлексия артқа бұрылып, шолу жасау. Өткенді еске түсіру. Бұл өте маңызды. Осы арқылы баланың есте сақтау қабілетін арттырып, оның сөздік қорының молайуына, артуына ықпал етеміз. Сондықтан өткен шаққа бір сәт оралу барлық адамзат үшін керек. Ол арқылы алдағы жұмыс барысына мақсат пен міндет аламыз.

Тәлімгер Ж.Бижанова:

Үлгілік оқу бағдарламасындағы тәрбиеленушілерге кіші топта физикалық қасиеттерді меңгерту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту, шығармашылық дағдыларын дамыту және әлеуметтік дағдыларын дамыту бойынша әр бөлімді түсіндіру жұмыстары бойынша, режимдік сәттің уақыттары бойынша, апталық циклограмма бойынша жас маманға дайындап келген ауызша және жазбаша сауалнамалар жүргіздім. Бұл ауызша сауалнама алудағы мақсатым ең алдымен жас маманның көпшілік алдында сөйлеу мәнері мен еркіндігін қалыптастыру. Ал жазбаша сауалнама алудағы басты мақсатым жазылым дағдысы мен айтылым дағдысын ұштастыру.

ШЕШІМ ЕТТІ

1. Ұйымдастырылған іс-әрекетке рефлексия жсауды назардан тыс қалдырмау.
2. Тәлімгер бүгінгі отырыста жас маманнан ауызша және жазбаша алған сауалнамалары бойынша қорытынды жасап, келесі жас маман отырысына дайындау.



Менгеруші

Әдіскер

Т.Бимырзаева

О.Татимова

Құмкент ауылы

2024 жыл

ХАТТАМА №4

27 мамыр 2024 жылы «Балдырған» бөбекжай-бақпасында жас мамандар отырысы болып өтті.

Қатысуға тиіс: 11

Қатысқаны: 11

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. Оқу жылындағы тәлімгер мен жас маман жұмысының қорытындысы.
2. Тренинг: «Мамандығым- мақтанышым»

ТЫҢДАЛДЫ

1. Тәлімгер Ж.Бижанова

Тәлімгер ретіндегі тәрбиеші Нұсқабаева Меруерт Тазабекқызы өзінің ізденімпаз, тынбай еңбек ете алатынын, шығармашылықпен жұмыс жасай алатындығын осы уақыттар ішінде көрсете білді. Тәрбиеші өзінің әріптестерінен үйренген жұмыстарын, алған ақыл-кеңестерін, онлайн форматта алған көмектерін, күнделікті жазып алып, оны өзінің іс-тәжірибесінде қолданып жатқанын ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне ену арқылы көріп, бағдарлап отырдым. Сол арқылы әдістемелік көмектер бердім. Келесі оқу жылында жас маманның ізденісін арттыру мақсатында жылдық жоспарымен педагогикалық шеберлігін шыңдау үшін көрме қоюды, ата-анамен жұмыстың жаңа тәсілдерін ұйымдастыру үшін жұмыстың заманауи түрлерін үйретуді, түрлі байқауларға қатысу көрсеткішінің артуы үшін түрлі форматта іс-әрекеттер ұйымдастыруды жоспарлаудамын.

2. Психолог Г.Абдуллаева:

«Мамандығым, мақтанышым» тақырыбында педагогтермен бірлестіріліп, жас маманға тренинг ұйымдастырылды. Мұндағы мақсатым жас маманның өз жұмысына деген қызығушылығы мен ізденісін арттыру, әріптестерімен ара-қатынасын нығайта түсу, көпшілік алдында сөз сөйлеу әдебін қалыптастыру, өзінің мамандығын сүйе білетіндігін одан әрі де жалғастыру мақсатында ұйымдастырылды. Алдағы оқу жылында «Мен іскер тәрбиешімін» тақырыбында тренинг ұйымдастыруды жоспарлаудамын.

ШЕШІМ ЕТТІ

1. Жаңа оқу жылында жас маманның ізденісін арттыру мақсатында тәлімгердің жылдық жоспарына көрме қоюды, ата-анамен жұмыстың жаңа тәсілдерін ұйымдастыру үшін жұмыстың заманауи түрлерін үйретуді, түрлі байқауларға қатысу көрсеткішінің артуы үшін түрлі форматта іс-әрекеттер ұйымдастыруды жоспарлауы назарға алынсын.
2. Жаңа оқу жылында психолог жұмыс жоспарына «Мен іскер тәрбиешімін» тақырыбында тренинг жоспарлансын.



Менгеруші
Әдіскер

Т.Бимырзаева
О.Татимова